

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Нежинка ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 27 сәуірдегі № 23 шешімі

### ЖОБА

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына және 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Нежинка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің "Сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы ауданы 0,7984 гектар жер учаскесіне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін, мекенжайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Нежин ауылдық округі, Нежинка ауылы, Орталық көшесі, 93, сүт-тауар фермасына және сауу залына электрмен жабдықтаудың сыртқы инженерлік желілерін салу үшін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*О. Оспанова*